

Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялау ереженсін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы мен мәтіні өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен , 2004.12.31. N 1450 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялау ережесі бекітілсін.

< * >

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 27 мамырдағы
N 885 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялау ережесі

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.31. N 1450 қаулысымен .

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ережемен көлік қызметін көрсету рыногының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету, тұтынушылардың мүдделерін қорғау, кеме шаруашылығы мен

теңіз жүзулері қауіпсіздігінің, теңіз және өзен көлігін пайдалану кезінде белгіленген санитарлық нормаларды сақтаудың ережелерін қамтамасыз ету мақсатында міндетті лицензиялауға жататын жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті мемлекеттік лицензиялауға байланысты қ а т ы н а с т а р р е т т е л е д і .

2. Заңды және жеке тұлғалар жүзеге асыратын теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызмет лицензиялауға жатады.

3. Жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдауды жүзеге асырушы адамда лицензия болуы тиіс. Жүзбелі көлік құралын (құралдарын) меншік құқығында немесе заңдарда көзделген өзге негіздерде пайдалану керек.<*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен , 2004.12.31. N 1450 қаулысымен .

4. Лицензияларды беру барлық адамдар үшін осы лицензияның түрі үшін белгіленген талаптарға жауап беретін тең негіздер мен жағдайларда жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Лицензияларды басқа адамдарға беруге тыйым салынған. Жүзбелі көлік құралдарын беру кезінде лицензия жалға алушыға осы Ережеде көзделген т ә р т і п п е н б е р і л е д і .

5. Осы Ережеге сәйкес берілген лицензия, онда теңіз және өзен құралында тасымалдау түрі көрсетілген лицензиатқа рұқсат беру туралы куәландыратын р е с м и құ ж а т б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Шетелдік заңды немесе жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар лицензияны, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары секілді әлі сондай жағдайларда және дәл сондай тәртіпте алады.

II. Лицензияларды берудің шарттары мен тәртібі

7. Теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған лицензияны берудің Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің органдары (бұдан әрі - л и ц е н з и а р) жү р г і з е д і .

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.31. N 1450 қ а у л ы с ы м е н .

8. Лицензиялар теңіз және өзен көлігіндегі қызметтің мынадай түрлеріне б е р і л е д і :

жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға;
қауіпті жүктерді тасымалдауға.

Лицензиялар мынадай белгілермен белгіленеді:
жүктерді тасымалдауға - "Жүк";
жолаушыларды тасымалдауға - "Ж";
қауіпті жүктерді тасымалдауға (қауіпті жүктің түрі көрсетіледі) - "ҚЖ".
Қолданылу мерзіміне және қызметінің көлеміне қарай лицензиялардың
мынадай түрлері болуы мүмкін:
басты - мерзімі шектелмей берілетін белгілі бір қызмет түрімен айналысуға;
бір жолғы - рұқсат етілген көлем, салмақ немесе сан шегінде белгілі бір
шаруашылық операцияны жасауға.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен , 8-тармақ жаңа редакцияда - 2004.12.31. N 1450 қаулысымен .

9. Лицензиялар бланкілерінің нысанын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті бекітеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.31. N 1450 қаулысымен .

10. Суға батқан объектілерден фарватерді құтқаруға және кеме шаруашылығының басқа да кедергілеріне, табиғи зілзалалардың қарсы тұруына, олардың зардаптарын жоюға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнайы заңдары мен нормативтік актілерінің негізінде жүзеге асырылатын авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді талап ететін өрттердің, авариялар мен басқа да апаттардың, эпидемиялардың және эпизоотиялардың зардаптарын жоюға байланысты қызмет лицензиялауға жатпайды.

11. Заңды және жеке тұлғалар бір мезгілде теңіз және өзен көлігінде тасымалдау қызметінің бірнеше түріне арналған лицензияға ие бола алады.

12. Теңізде және өзен көлігінде жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдаумен айналысу құқығына арналған лицензия, біліктілік деңгейі осы қызмет түрінің талаптарына сәйкес келетін субъектілеріне беріледі.<*>

13. Лицензиялардың бланкісінің бағалы қағаздар деңгейіндегідей қорғаныс дәрежесі болады, қатаң есептілік құжаты болып табылады, есептік сериясы мен нөмірі болады .

Лицензиялардың бланкісін әзірлеу, есепке алу және сақтау лицензиарға жүктеледі .

14. Лицензия алу үшін заңды және жеке тұлғалар (өтініш берушілер) лицензиарға мынадай құжаттарды табыс етеді:

белгіленген үлгідегі өтініш;
лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжат;
заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
жеке адамның жеке басын куәландыратын құжат;
лицензиаттың осы Ереженің III бөлімінде көзделген талаптарға сәйкестігін

растайтын құжаттар (жүзбелі көлік құралдары болған кезде);
көлік құралының тұруы немесе жөнделуі үшін базаның бар екендігін
растайтын құжат, олар болмаған жағдайда - осы қызметтерді көрсететін
кәсіпорындармен жасалған шарттардың көшірмесі (өзен көлігі үшін ол бар
б о л ғ а н к е з д е) ;

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисі. <*>

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1165
қ а у л ы с ы м е н .

15. Лицензиар ұсынылған мәліметтердің ақиқаттығына тексеру жүргізуге
қ ұ қ ы л ы .

16. Екі және одан көп көлік құралдарының иелері - жеке және заңды
тұлғаларға лицензия ресімдеу кезінде әрбір көлік бірлігіне лицензияның бар
екенін растайтын құжат беріледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.31. N 1450
қ а у л ы с ы м е н .

17. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеу тәртібі Қазақстан
Республикасының салық заңнамасымен белгіленеді.

Қызметтің тиісті түрімен айналысудың барлық кезеңіне лицензиялар беру
лицензия беру сәтінде бір жолғы лицензиялық алым төлеумен жүзеге асырылады
< * >

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095
қ а у л ы с ы м е н .

18. Лицензия беру туралы шешім, өтінішті барлық қажетті құжаттармен бірге
берген күннен бастап, айлық мерзімнен кешіктірілмей, шағын кәсіпкерлік
субъектілері үшін - он күн мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.<*>

Лицензияны беруге бас тарту кезінде өтініш берушіге лицензияны беру үшін
белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095
қ а у л ы с ы м е н .

1 9 . Е г е р :

субъектілердің осы санаты үшін жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді
тасымалдау бойынша көлік процесін жүзеге асыруға тыйым салынған болса;<*>

осы Ереженің 14-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс
е т і л м е г е н б о л с а ;

лицензия берілгені үшін алым енгізілмеген болса;
өтініш беруші лицензиат пен қызметтің осы түрі үшін белгіленген біліктілік
талаптарына жауап бермесе;

өтініш берушіге қатысты оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым

салатын соттың шешімі болса лицензия берілмейді.

Өтініш беруші аталған ескертпелерді жойған кезде, өтініш осы Ережеде көзделген тәртіппен қаралады.

20. Лицензия беруден:

өтініш берушіге лицензияланатын қызметті жүзеге асыру құқығын берудің о р ы н с ы з д ы ғ ы ;

лицензия талап етілетін іске не оны жүзеге асыруға арналған жұмыстарға (қызмет көрсетулерге) рыноктың молдығы; рынокта монопольді жағдайды қамтамасыз ету;

өтініш берушінің жеке басының сапасы мен іскерлік беделіне күдіктер болуы себептері бойынша, оның ішінде бұрынғы сотталушылығы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға бұрын салынған тыйымдар, бұрынғы лицензияны қайтып алу, егер бұл тыйым салулар мен қайтып алулар заңда белгіленген тәртіпке сәйкес өзінің қолданысын тоқтатқан (өтеген) болып саналса, себептері бойынша бас т а р т у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

21. Егер лицензия белгіленген мерзімдерде берілмеген болса немесе бас тарту өтініш берушіге негізсіз жасалса, ол заңда белгіленген тәртіппен шағым жасауға қ ұ қ ы л ы .

22. Лицензия:

лицензия берілген мерзім аяқталған; лицензиялар қайтып алынған;

лицензиялар берудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес белгіленетін жағдайлардан басқа, азаматтың кәсіпкерлік қызметі тоқтатылған бір түрдегі заңды тұлғаның екінші түрдегі заңды тұлға болып қайта құрылуын (ұйымдастыру-құқықтық, нысаны өзгеруін) қоспағанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған; жүзеге асыруға лицензия берілген іс-әрекет толық көлемде жасалған; лицензияны лицензиарға ерікті түрде қайтарған.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.31. N 1450 қ а у л ы с ы м е н .

23. < * >

Ескерту. 23-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.12.31. N 1450 қ а у л ы с ы м е н .

24. Егер заң кесімдерінде өзгеше көзделмесе, мынадай: лицензиат лицензиядағы лицензиялық және көліктік заңдар талаптарын а т қ а р м а ғ а н ;

сот лицензиатқа ол лицензиямен жүзеге асыруға арналған қызметтің түрімен а й н а л ы с у ғ а т ы й ы м с а л ғ а н ;

лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған себептер жойылмаған;

лицензиат лицензия алу кезінде көрінеу жалған ақпарат берген;
Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095
қаулысымен , **2004.12.31. N 1450** қаулысымен .

25. Лицензиар тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып алты айға дейін мерзімге лицензияның қолданылуын заңдарда белгіленген тәртіппен тоқтата тұруға құқылы .

26. Лицензияның қолданысы тоқтатылған себептер жойылған соң, лицензия қайта басталады .

27. Лицензияны қайта беру осы Ереженің 14-тармағында көзделген жалпы негіздерде, одан айырылған соң жүргізіледі.

Лицензияны жоғалтқан кезде лицензиат көшірмесін алуға құқылы. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша он күннің ішінде лицензияның көшірмесін беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат лицензиялық алым төлейді.

Лицензиясы бар жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір ай мерзімде осы туралы лицензиарға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері (егер ол лицензияда көрсетілсе) өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір айдың ішінде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті .

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап 10 күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым төленеді . < * >

Ескерту. 27-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

28. Лицензияның иесі осы тасымалдау қызметін жүзеге асыру құқығын лицензияны алған күннен бастап алады.

III. Теңіз және өзен көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдаумен айналысушы субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

29. Теңіз және өзен көлігімен жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі лицензияланатын қызметтің түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары жолаушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, тасымалданатын жүктің сақталымын, кеме шаруашылығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға, тасымалдаудың сапасын және көлік құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталуы

т и і с .

30. Теңіз және өзен көлігімен жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдаумен айналысушы субъектілер мынадай біліктілік талаптарына сәйкес бо лу ы т и і с :

жүзбелі көлік құралдары экипажының тиісті білікті кадрлармен жинақталуын қамтамасыз ету (аттестация жүргізудің тәртібі мен қажетті білімдердің көлемін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгілейді) ;

санитарлық қадағалау органдарының жүзбелі көлік құралдарының жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауға жарамдылығы туралы қорытындысының болуы ;

мемлекеттік кеме тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның қорытындысы болуы ; < * >

өтініш берушінің өндірістік базасы кеме шаруашылығы мен экологияның қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс.

Ескерту. 30-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

IV. Жауаптылық және бақылау

31. Теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді тиісті лицензиясыз, не лицензиялық нормалар мен ережелерді бұза отырып тасымалдаумен айналысу заңдарда белгіленген әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады .

32. Лицензияның иесі :

қоғамның, қоршаған ортаның, азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, сондай-ақ тұтынушылар құқығының сапасы мен қорғалу кепілдігін қамтамасыз ететін көлік қызметтерін жасаудың шарттарын сақтауға ;

Қазақстан Республикасының көлік, салық және антимонопольдық заңдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдер мен конвенциялардың ережелерінің талаптарын сақтауға ;

сақтандырудың міндетті түрлерін қамтамасыз етуге ;
өзінің қызметін лицензияда көрсетілген шарттарда қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға ;

лицензиардың талап етуі бойынша лицензияланатын қызмет туралы мәліметтерді беруге ;

лицензиарға өзінің ұйымдық-құқықтық нысанының өзгергені туралы хабарлауға ;

жүзбелі көлік құралдарына арналған есепке алу құжатының болуын
қамтамасыз етуге міндетті.

33. Лицензиялық тәртіп белгіленген теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді лицензиясыз жүзеге асырудан алынған қаражат лицензиардың ұсынуы бойынша тиісті бюджеттің кірісіне алынып қоюға жатады.

34. Лицензияның тоқтатылуына немесе тоқтатыла тұруына байланысты барлық даулар заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.

35. Заңды және жеке тұлғалар ұсынған мәліметтердің ақиқаттығы үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

36. Лицензиялық нормалармен шарттардың сақталуына бақылауды жүзеге асырудың тәртібін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрілігі белгілейді.

Мемлекеттік органдар (лицензиарлар) мен олардың лауазымды тұлғалары лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде белгіленген жауапкершілікте болады.

Ескерту. 36-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .